

Дәріс 1. Әлеуметтік-мәдени антропология пәніне кіріспе: негізгі ұғымдар, пәндік бағыттар және зерттеу салалары

Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Студенттерді әлеуметтік-мәдени антропология ғылымының пәні, негізгі ұғымдары, зерттеу бағыттары және қолданылу салаларымен таныстыру.

Міндеттері:

- «Антропология» және «әлеуметтік-мәдени антропология» ұғымдарының мазмұнын ашу;
- Әлеуметтік-мәдени антропологияның ғылым жүйесіндегі орнын түсіндіру;
- Антропологияның басты пәндік бағыттары мен зерттеу салаларын анықтау;
- Негізгі терминдер мен ұғымдарды (мәдениет, қоғам, этнос, мәдени релятивизм, әлеуметтік институт) талдау.

Әлеуметтік-мәдени антропология – адамзат қоғамдары мен мәдениеттерін кешенді зерттейтін гуманитарлық ғылым саласы. Оның басты мақсаты – әртүрлі этникалық топтардың, қауымдастықтардың және қоғамдардың әлеуметтік құрылымын, мәдени дәстүрлерін, құндылық жүйелерін, мінез-құлық үлгілерін түсіндіру. Антропология ұғымы гректің *anthropos* («адам») және *logos* («ілім») сөздерінен шыққан. Бастапқыда антропология адамды биологиялық тұрғыда қарастырғанымен, XIX ғасырдан бастап оның мәдени және әлеуметтік аспектілерін зерттеу өз алдына дербес бағытқа айналды. Осылайша, «әлеуметтік-мәдени антропология» термині ғылымның басты тармағы ретінде орнықты.

Негізгі ұғымдар.

- Мәдениет – адамзат қауымдастықтарының өмір сүру тәсілдері, құндылықтар, дәстүрлер, тіл мен наным-сенімдер жиынтығы.
- Қоғам – адамдардың әлеуметтік байланыстар арқылы ұйымдасқан жүйесі.
- Этнос – ортақ тіл, мәдениет, тарих негізінде қалыптасқан қауымдастық.
- Мәдени релятивизм – әрбір мәдениетті оның өз өлшемдері арқылы түсіндіру қағидаты.
- Әлеуметтік институттар – қоғам өмірін реттейтін құрылымдар (отбасы, дін, саясат, экономика, білім).

Пәндік бағыттар.

Әлеуметтік-мәдени антропология бірнеше бағыттар бойынша дамыды:

Этнография – нақты халықтардың мәдени өмірін сипаттау;

Қолданбалы антропология – қазіргі әлеуметтік мәселелерді (урбанизация, миграция, этникалық қақтығыстар) зерттеу;

Мәдени антропология – мифология, дін, өнер, салт-дәстүр сияқты мәдени құбылыстарды түсіндіру;

Әлеуметтік антропология – қоғамның құрылымдық ұйымы мен әлеуметтік қатынастарды талдау.

Зерттеу салалары.

Әлеуметтік-мәдени антропологияның басты зерттеу салаларына туыстық және отбасы жүйесі, шаруашылық пен тұрмыс, тіл мен коммуникация, наным-сенімдер мен діни тәжірибе, билік пен саяси құрылымдар, құқықтық дәстүрлер, өнер және ритуал жатады. Бұл зерттеу салалары арқылы антропология адамзат мәдениеттерінің көптүрлілігін ғана емес, олардың арасындағы ортақ заңдылықтарды да ашады.

Әлеуметтік-мәдени антропология – адамзат мәдениеттерінің байлығы мен алуан түрлілігін ғылыми тұрғыда түсіндіретін пән. Ол бізге басқа халықтардың өмір салтын түсінуге көмектесіп қана қоймай, өз қоғамымызды да жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Т. Ғабитов, Ибекеева С.Е., Зейнуллин Р.Б., Осербасев Е.Н. (2024). Мәдени антропология: оқулық. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
2. Barnard, Alan. (2000). *History and Theory in Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.

Дәріс 2. Әлеуметтік-мәдени антропология және ғылым жүйесіндегі орны: пәнаралық байланыстар мен әдіснамалық ерекшеліктер

Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Әлеуметтік-мәдени антропологияның ғылым жүйесіндегі орнын түсіндіру, пәнаралық байланыстарын көрсету және оның әдіснамалық ерекшеліктерін талдау.

Міндеттері:

- Әлеуметтік-мәдени антропологияның гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтау;
- Пәнаралық байланыстарын (тарих, этнография, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, саясаттану, философия) көрсету;
- Антропологиялық зерттеу әдістерінің өзіндік ерекшеліктерін ашу;
- Әдіснамалық бағыттарды талдау (салыстырмалы әдіс, қатысушы бақылау, феноменологиялық тәсіл, структуралистік талдау).

Әлеуметтік-мәдени антропология қазіргі ғылым жүйесінде гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қиылысында орналасқан. Ол бір мезгілде мәдениеттану, этнография, әлеуметтану, психология және философиямен тығыз байланысты. Бұл пәннің басты ерекшелігі – адамды тек биологиялық немесе әлеуметтік құбылыс ретінде ғана емес, мәдени тәжірибенің тасымалдаушысы ретінде қарастыруында.

Әлеуметтік-мәдени антропология тарихи тұрғыда этнографиядан туындады. Егер этнография көбіне халықтардың тұрмысын сипаттаса, антропология оны кеңірек әлеуметтік-мәдени контексте талдайды. Ол әлеуметтанумен қоғамның құрылымын зерттеу тұрғысынан, психологиямен – тұлғаның мәдени бейімделуі тұрғысынан, философиямен – дүниетанымдық категорияларды талдау тұрғысынан байланысады. Сондықтан антропология ғылым жүйесінде «көпір» рөлін атқарады, яғни түрлі ғылымдар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Пәнаралық байланыстар.

- Тарихпен байланысы: халықтардың мәдени өзгерістерін уақыттық контексте түсіндіру;
- Әлеуметтанумен байланысы: әлеуметтік институттар мен құрылымдарды талдау;
- Психологиямен байланысы: тұлғаның мәдениеттегі орны, мәдени сәйкестік мәселесі;
- Саясаттанумен байланысы: этносаясат, этникалық қақтығыстар, ұлттық бірегейлік;
- Мәдениеттанумен байланысы: символдар, дәстүрлер, мифология және өнерді зерттеу.

Әдіснамалық ерекшеліктері.

Әлеуметтік-мәдени антропологияның әдіснамасы оның дереккөздерімен де, зерттеу тәсілдерімен де ерекшеленеді. Антропологиялық зерттеулер көбіне «қатысушы бақылау» әдісіне сүйенеді: зерттеуші қоғам өміріне тікелей араласып, ішінен бақылау жасайды. Бұл тәсіл мәдени тәжірибені «ішкі көзқараспен» түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, салыстырмалы әдіс маңызды орын алады: әртүрлі мәдениеттерді салыстыру арқылы олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталады. Структуралистік талдау мәдени жүйелердегі жасырын құрылымдарды (туыстық, тілдік, ритуалдық жүйелер) айқындауға бағытталған. Феноменологиялық тәсіл мәдени тәжірибені қатысушылардың субъективті қабылдауына сүйене отырып түсіндіреді.

Әлеуметтік-мәдени антропология ғылым жүйесінде орталық орынды иеленеді. Ол тек халықтар мәдениетін зерттеп қана қоймай, адамзаттың әлеуметтік байланыстары мен мәдени тәжірибелерін жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. Пәнаралық сипатының арқасында антропология заманауи ғылымдағы кешенді зерттеу парадигмаларының бірі болып саналады.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Eriksen, T. H. (2015). *Small Places, Large Issues: An Introduction to Social and Cultural Anthropology*. London: Pluto Press.
2. Kuper, A. (1996). *Anthropology and Anthropologists: The Modern British School*. London: Routledge.
3. Barth, F. (2002). An Anthropology of Knowledge. *Current Anthropology*, 43(1), 1–18.

Дәріс 3. Мәдени дереккөздер мен этнографиялық материалдар: талдау әдістері мен интерпретация негіздері

Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Антропологиялық зерттеулердегі мәдени дереккөздер мен этнографиялық материалдардың маңызын ашу, олардың жинақталу жолдарын, ғылыми талдау әдістерін және интерпретация қағидаттарын түсіндіру.

Міндеттері:

- Мәдени дереккөз ұғымын нақты анықтау;
- Этнографиялық материалдардың типологиясын көрсету;
- Далалық зерттеу әдістерін ғылыми негіздеу;
- Талдау және интерпретация тәсілдерінің антропологиядағы қолданылуын сипаттау.

Мәдени дереккөздер ұғымы. Өлеуметтік-мәдени антропологияда «мәдени дереккөздер» – адамзат мәдениетінің нақты көріністерін бейнелейтін материалдар. Олар материалдық (құрал-саймандар, тұрмыстық заттар, киім-кешек, баспаналар), рухани (аңыздар, мифтер, діни мәтіндер, салт-жоралар) және символдық (белгілер, рәміздер, өнер туындылары) деңгейде көрініс табады. Э. Тайлор мен Ф. Боас еңбектерінде мәдениеттің кез келген элементін «мәдени дереккөз» ретінде қарастыруға болатыны айтылған.

Этнографиялық материалдар және далалық жұмыс.

Этнографиялық материал – далалық зерттеу барысында жинақталған алғашқы деректер жиынтығы. Олар:

- қатысушы бақылау (participant observation) – Б. Малиновский енгізген әдіс, зерттеуші зерттелетін қоғамда өмір сүріп, ішкі қатысушы ретінде бақылау жасайды;
- сұхбат және әңгімелесу – Дж. Спрэдлидің «The Ethnographic Interview» еңбегінде жүйеленген тәсіл;
- құжаттық материалдар (архив жазбалары, ресми құжаттар, шежірелер);
- аудио-визуалды деректер (фотосурет, бейнежазба, дыбыс таспасы).

Мысалы, Малиновскийдің “Argonauts of the Western Pacific” еңбегі – далалық жұмысқа сүйенген этнографияның классикалық үлгісі.

Талдау әдістері.

Этнографиялық деректерді талдау барысында бірнеше ғылыми тәсілдер қолданылады:

Салыстырмалы-тарихи әдіс – Э. Б. Тайлор мен Л. Морган дәстүрінен бастау алады; әртүрлі мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тарихи тұрғыдан түсіндіреді.

Функционалдық талдау – Б. Малиновский мен А. Радклифф-Браун негіздеген; мәдени элементтердің қоғамдағы қызметін ашуға бағытталған.

Структуралистік талдау – К. Леви-Стросс мәдени жүйелердің астарлы құрылымдарын (мифтер, туыстық жүйе, ритуалдар) анықтады.

Символдық және интерпретативтік тәсіл – К. Гирцтің «қалың сипаттама» (thick description) әдісі мәдени мәтіндердің көпқабатты мағынасын ашуға мүмкіндік береді.

Интерпретация қағидаттары. Интерпретация – алынған деректерді ғылыми түсіндіру. Мұнда екі негізгі ұстаным бар:

– Эмпиризм: интерпретация нақты дерекке сүйенуі тиіс (мысалы, рәсімнің барысын сипаттайтын далалық жазба).

– Мәдени релятивизм: әрбір мәдени элементті тек сол қоғамның ішкі өлшемдері арқылы түсіндіру қажет (Ф. Боас мектебі).

Мысалы, қазақ қоғамындағы «тасаттық беру» ғұрпы – тек құрғақшылыққа қарсы жасалған шара емес, ол жер мен судың киелілігіне қатысты дүниетанымдық тұтастықты білдіреді. Мұны тек табиғи-экономикалық құбылыс ретінде емес, мәдени символдық мәні арқылы да интерпретациялау қажет.

Қазіргі антропологияда этнографиялық деректерді интерпретациялау тек сипаттаумен шектелмейді. Ол әлеуметтік-мәдени процестерді түсіндірудің ғылыми әдіснамасы болып табылады. Дж. Клиффорд пен Дж. Маркустың «Writing Culture» еңбегі антропологияның рөлін сын тұрғысынан қарастырады: зерттеушінің жеке позициясы, мәдениетаралық диалогтағы орны, мәтін жазудағы субъективтілік мәселелері ерекше назарда болады.

Мәдени дереккөздер мен этнографиялық материалдар әлеуметтік-мәдени антропологияның басты эмпирикалық негізі. Оларды жинау мен талдау ғылыми әдіснаманы талап етеді. Интерпретацияда мәдени релятивизм қағидаты мен қалың сипаттама әдісін қолдану – қазіргі антропологиялық зерттеулердің негізгі бағыты.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Geertz, C. (1973). *The Interpretation of Cultures*. New York: Basic Books.
2. Spradley, J. P. (1979). *The Ethnographic Interview*. New York: Holt, Rinehart & Winston.
3. Clifford, J., & Marcus, G. E. (1986). *Writing Culture: The Poetics and Politics of Ethnography*. Berkeley: University of California Press.
4. Malinowski, B. (1922). *Argonauts of the Western Pacific*. London: Routledge.

Дәріс 4. Эволюционизм және диффузионизм: алғашқы теориялық көзқарастар

Мақсаты:

Студенттерді әлеуметтік-мәдени антропологиядағы алғашқы теориялық бағыттар — эволюционизм мен диффузионизмнің мазмұнымен, олардың қалыптасу тарихымен және ғылымға қосқан үлесімен таныстыру.

Міндеттері:

- Эволюционизм теориясының пайда болу алғышарттарын (Ч. Дарвин, әлеуметтік ғылымдардағы эволюциялық идея) түсіндіру;
- Л. Морган мен Э. Тайлор еңбектеріндегі мәдени эволюция тұжырымдарын қарастыру;

- Диффузионизмнің негізгі қағидаттарын, «мәдени шеңберлер» және «өркениет орталығы» теорияларын талдау;
- Эволюционизм мен диффузионизмнің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету;
- Бұл бағыттардың антропология ғылымының қалыптасуына тигізген ықпалын бағамдау.

Әлеуметтік-мәдени антропологияның теориялық дамуы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан алғашқы іргелі мектептерден бастау алады. Солардың ішінде ең ықпалдысы — эволюционизм мен диффузионизм бағыттары. Бұл екі теория да мәдениет пен қоғамның даму заңдылықтарын түсіндіруге талпыныс жасады, әрі кейінгі антропологиялық көзқарастардың қалыптасуына негіз болды.

Эволюционизмнің пайда болуы Чарльз Дарвиннің эволюциялық теориясымен тікелей байланысты. Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі» еңбегінен кейін әлеуметтік ғылымдарда да даму идеясы кең таралды. Эволюционистер мәдениет пен қоғам да тірі ағзалар секілді біртіндеп қарапайымнан күрделіге қарай дамиды деп есептеді. Осы тұрғыда Льюис Морган өзінің «Ежелгі қоғам» атты еңбегінде адамзат тарихын үш ірі кезеңге бөлді: тағылық, варварлық және өркениет. Ол туыстық жүйелерді, меншік пен отбасылық қатынастарды зерттей отырып, қоғамның эволюциялық жолмен дамитынын дәлелдеуге тырысты. Ал Эдвард Тайлор мәдениетті «қоғам мүшесі ретінде адамның үйренген барлық білімі мен дағдысының жиынтығы» деп анықтап, оны біртіндеп жетілетін жалпы адамзат тәжірибесі ретінде қарастырды. Тайлордың «анимизм» тұжырымы да осы көзқарастың айғағы болды: оның пікірінше, діннің алғашқы формасы – жан мен рухқа сену, одан кейінгі сатыларда политеизм мен монотеизмге ұласқан. Эволюционизмнің негізгі қағидаты – барлық халықтар даму сатыларынан өтеді, тек әртүрлі деңгейде орналасқан, сондықтан өркениетті елдер «алдыңғы қатарлы», ал байырғы халықтар «артта қалған» деп сипатталды.

ХХ ғасырдың басында эволюционизмнің сызықтық даму тұжырымына қарсы бағыт ретінде диффузионизм пайда болды. Бұл теорияның өкілдері мәдениеттердің ұқсастығын тек эволюциялық сатылас дамумен емес, мәдени элементтердің бір халықтан екінші халыққа таралуымен түсіндірді. Неміс-австриялық мектептің ғалымдары Фриц Гребнер мен Вильгельм Шмидт «мәдени шеңберлер» теориясын ұсынды. Олардың пікірінше, мәдениет белгілі бір аймақтық орталықтарда пайда болып, кейін басқа халықтарға таралған. Британдық диффузионизм мектебі болса (Г. Эллиот Смит, У. Перри) өркениеттің алғашқы орталығы Мысырда қалыптасып, бүкіл әлемге осыдан тарады деген көзқарасты қорғады. Яғни, диффузионистер мәдени дамудың басты себебін ішкі заңдылықтардан емес, сыртқы ықпалдардан іздеді.

Эволюционизм мен диффузионизмнің ортақ тұстары да, айырмашылықтары да бар. Екеуі де европоцентризм ықпалынан шыға алмады: эволюционистер «артта қалған» халықтарды өркениетке жеткізу қажет деп санаса, диффузионистер өркениеттің бір ғана орталықтан тарағанын алға тартты. Дегенмен, екі бағыт та антропология ғылымында маңызды кезең болды, себебі олар мәдениетті кездейсоқ құбылыс ретінде емес, жүйелі түрде дамитын әлеуметтік феномен ретінде түсіндіруге ұмтылды. Эволюционизм қоғамның ішкі эволюциялық заңдылықтарын көрсетуге тырысса, диффузионизм мәдени алмасулар мен сыртқы ықпалдың рөлін алға шығарды. Кейінгі функционализм, структурализм, мәдени релятивизм секілді теориялар осы алғашқы бағыттардың идеяларын сын тұрғысынан қабылдап, жаңа деңгейде дамытты.

Қорытындылай келе, эволюционизм мен диффузионизм әлеуметтік-мәдени антропологиядағы алғашқы теориялық парадигмалар ретінде ғылымның қалыптасуына зор ықпал етті. Эволюционизм мәдениеттің біртіндеп сатылы дамуын түсіндірсе, диффузионизм мәдени байланыстар мен ықпалдастыққа баса назар аударды. Бұл екі көзқарас кейінгі антропологтарға қоғам мен мәдениетті зерттеудің жаңа әдістерін іздеуге жол ашты.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Т. Ғабитов, Ибекеева С.Е., Зейнуллин Р.Б., Осербасев Е.Н. (2024). Мәдени антропология: оқулық. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
2. Barnard, Alan. (2000). *History and Theory in Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
3. Boas, Franz. (1911). *The Mind of Primitive Man*. New York: Macmillan.
4. Malinowski, Bronislaw. (1922). *Argonauts of the Western Pacific*. London: Routledge & Kegan Paul.
5. Eriksen, Thomas H. (2015). *Small Places, Large Issues: An Introduction to Social and Cultural Anthropology* (4th ed.). London: Pluto Press.